КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ

НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПРОБЛЕМ БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

# «ПЕНИТЕНЦИАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ПРОБЛЕМЫ ЕЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ» (БАЙМУРЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ)

## Материалы ежегодной международной научно-практической конференции

30 ноября 2012 г.

Алматы 2013

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ

НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПРОБЛЕМ БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

# «ПЕНИТЕНЦИАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ПРОБЛЕМЫ ЕЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ» (БАЙМУРЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ)

## Материалы ежегодной международной научно-практической конференции

30 ноября 2012 г.

Алматы
«Қазақ университеті»
2013

# СОДЕРЖАНИЕ


**Абулкаирова Б.Т., Атаханова Г.М.**
ВИКТИМОЛОГИЯНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ........ 3
**Акболатова М. Е., Жугралина Б. М.**
К ВОПРОСУ О МЕРАХ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ПОБЕГОВ ИЗ МЕСТ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ ... 10
**Алимкулов Е.Т.**
ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ДӘЛЕЛДЕУ ТЕОРИЯСЫ .. 15
**Аратұлы Қ.**
КОМПЬЮТЕРЛІК ВИРУСТАРДЫҢ ТАРИХЫ, ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫЖӘНЕ ҚАУІПТІ НЕМЕСЕ ҚАУІПСІЗБОЛАШАҒЫ
**Арын А.А.** ........ 20
ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОПҚА ҚАТЫСУШЫ АДАМНЫҢ ЖЕКЕ БАС ТҰЛҒАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ МӘНІ 30
**Ауелбеков Д.Ж., Шарипов Ш.М.**
ПРОБЛЕМЫ ПРОКУРОРСКОГО НАДЗОРА ЗА ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ СОЦИАЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ ПОМОЩИ ЖЕРТВАМ СЕМЕЙНО-БЫТОВОГО НАСИЛИЯ ........ 35
**Әбдіманап Д.**
КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНАН САҚТАНДЫРУ МЕН ОНЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ТЕРГЕУШІНІҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ
**Базилова А.А.** ........ 39
ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ УГОЛОВНОЙ И УГОЛОВНО-ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ ........ 44
**Байназарова Г.Ж.**
ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРИМИЗІМНІҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ 52
**Баккараева Г.**
ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРАВ И ИНТЕРЕСОВ ЛИЦ, УЧАСТВУЮЩИХ ПРИ ДОПРОСЕ ........ 55
**Беделова К.**
ПРОБЛЕМА СТАНОВЛЕНИЯ СУДА ПРИСЯЖНЫХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ........ 58
**Бекболатов А.**
ЖАЛҒАН КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ОБЪЕКТІСІ
**Берсугурова Л.Ш.** ........61
О НЕКОТОРЫХ ПОЛОЖЕНИЯХ КОНЦЕПЦИИ НОВОГО ПРОЕКТА УПК РК ........ 67
**Бертлеуов С.С., Бисенова М.Қ.**
ҮШУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗУ
**Бисенғали Л.** ........ 69
К ВОПРОСУ О ПОНЯТИИ «ПЕНИТЕНЦИАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ»........ 73
**Бисенова М.Қ.**
ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ........ 75
**Галузин А.Ф.**
ПРАВОВОЙ ИНСТИТУТ ПОКАЯНИЯ И ПЕНИТЕНЦИАРНОЕ ПРАВО ........ 77
**Даубасова С.Ш.**
ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ
**Джансараева Р.Е., Байсалов А.Д.** ........ 87
ПРОБЛЕМЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ РАСПРОСТРАНЕНИЮ ЭКСТРЕМИЗМА В СРЕДЕ ОСУЖДЕННЫХ К ЛИШЕНИЮ СВОБОДЫ
**Дүзбаева С.Б.** ........ 91
КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ПЕНИТЕНЦИАРЛЫ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ТӘРБИЕЛЕУ КОЛОНИЯЛАРЫ
**Жетібаев Н.С.** ........ 95
МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТІН ТИІСІНШЕ ОРЫНДАМАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАРЫНА ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ........ 97

**Избасова А.Б.**
ПЕНИТЕНЦИА[illegible]СТЫҚ ТОП ҚАТЫСУШЫСЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ [illegible]ТЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ ... 102
**Исламгожаев А.[illegible]**
ҰЙЫМДАСҚАН [illegible]СТЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ... 104
**Кан А.Г.**
ВОПРОСЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА, РЕГЛАМЕНТИРУЮЩЕГО БЕЗОПАСНОСТЬ ЛИЦ, УЧАСТВУЮЩИХ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ, В КОНТЕКСТЕ РАЗРАБОТКИ НОВЫХ РЕДАКЦИЙ УГОЛОВНОГО И УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОГО КОДЕКСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ... 109
**Кенбаева А., Джансараева Р.Е.**
ВОПРОСЫ НАКАЗАНИЯ ЗА СОВЕРШЕНИЕ ПРЕСТУПЛЕНИЙ В СФЕРЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ... 116
**Кунтукызы А., Джансараева Р.Е.**
ПРОБЛЕМА КВАЛИФИКАЦИИ УБИЙСТВА ПО НАЙМУ В УГОЛОВНОМ ПРАВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ... 119
**Кусмамбетов К., Джансараева Р.Е.**
ДЕТЕРМИНАНТЫ ПЕНИТЕНЦИАРНОЙ ПРЕСТУПНОСТИ ... 122
**Миндагулов А.Х.**
ПРИОРИТЕТНЫЕ ЗАДАЧИ РЕФОРМИРОВАНИЯ УГОЛОВНОГО И УГОЛОВНО ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ... 128
**Мусабеков А.О.**
СОСТАВ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ КОНТРАБАНДЫ ... 135
**Мухамадиева Г.Н., Баяндина М.О.**
ПРИНЦИП ПРЕЗУМПЦИИ НЕВИНОВНОСТИ КАК ГАРАНТИЯ НЕПРИКОСНОВЕННОСТИ ЛИЧНОСТИ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ ... 137
**Мухамедова А.К., Тапалова Р.Б.**
АЗАМАТТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНДЕ АРНАУЛЫ БІЛІМДІ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ... 141
**Мырзабаев Д.**
ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО УГОЛОВНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В СФЕРЕ КЛАССИФИКАЦИИ ОБЩЕСТВЕННО ОПАСНЫХ ДЕЯНИЙ И УГОЛОВНЫХ ПРОСТУПКОВ ... 146
**Несіпбекқызы Г., Мусин Қ.Қ.**
СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ ... 149
**Нұрмағанбет Е.Т., Нұрмағанбетова А.Т., Талантов Е.Т.**
ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАУҒА ҚАТЫСУДАҒЫ АДВОКАТ-ҚОРҒАУШЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ ... 153
**Ромашов Р.А., Тургумбаев М.Е.**
К ВОПРОСУ О ПОНИМАНИИ АБСТРАКЦИЙ «ГОСУДАРСТВО», «ПРЕСТУПНОСТЬ», «ПРЕСТУПНЫЙ МИР» ... 159
**Сериев Б. А., Саматова А.**
СУЩНОСТЬ И ПРЕДМЕТ ПРОКУРОРСКОГО НАДЗОРА ЗА ПРИМЕНЕНИЕМ ЗАКОНОВ ОРГАНАМИ, ОСУЩЕСТВЛЯЮЩИМИ ДОЗНАНИЕ И ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЕ СЛЕДСТВИЕ .. 162
**Таубаев Б.Р.**
МЕТОДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СОЦИАЛЬНОГО РАБОТНИКА В СТРУКТУРЕ ПЕНИТЕНЦИАРНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ ... 166
**Тлепбергенов О.Н.**
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНЫҢ САҚТАНДЫРУ ФУНКЦИЯСЫ ... 168
**Чукмантов Д.С.**
ПОДХОД К ОБЕСПЕЧЕНИЮ ПЕНИТЕНЦИАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ДОЛЖЕН БЫТЬ КОМПЛЕКСНЫМ ... 172

24. Коннегер П.Е. Рыбак М.С. Уголовно-исполнительное право России. Учебник-Саратов, Ай Пи Эр Медиа, 2012, С. 343.

***Даубасова С.Ш.***
***әл-Фараби атындағы ҚазҰУ***
***қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және***
***криминалистика кафедрасының аға оқытушысы***

# ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Қазіргі таңдағы жаһандық қайта қалыптасу кезінде қоғам алдында жеке азаматтардың, сондай-ақ, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері ерекше қиындықты тудырып отыр.

Әсіресе осы мәселе, түзеу мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазасын өтеп жатқан Қазақстан Республикасының азаматтарының қауіпсіздігі туралы сөз қозғағанда ерекше өзектілікке ие. Себебі, осы тұлғалар қатыгездік орын алған жағымсыз ортада бола отырып, жалпы әлеуметтік қиындықтарды бастан өткереді.

Зерттеу пәні ретінде сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзіндік тарихы бар. Тұлғалардың қауіпсіздігі мәселелерін XIX-XX ғасырдың басында ғалым-құқықтанушылар, М.Н. Гернет, С.К. Гогель, А.Ф. Кистяковский, С.В. Познышев, Н.Д. Сергиевский, Н.С. Таганцев, И.Я. Фойницкий зерттеген.

Бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазасын өтеп жатқан тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері өз алдына арнайы және бір мезетте тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінің бір бөлігі болып табылады. Арнайы субъектіге (түзеу мекемелеріндегі сотталғандарға) қатысты олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін ұғыну, Қазақстан Республикасының әлеуметтік және құқықтық мемлекет ретіндегі конституциялық сипаттамасымен байланыстыра отырып, тұлғалардың қауіпсіздігі табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

«Қауіпсіздік» ұғымы, сөздің этимологиясына сәйкес, қауіптіліктің жоқтығын, яғни тұлғаға, қоғамға қандай да бір қауіптің жоқтығын білдіреді [1, 395 б]. Тұлғаның қауіпсіздігі туралы мәселе қылмыстық-атқару құқығы ғылымының санаты ретінде ғылыми зерттеуді талап етеді, ғылыми тұрғыда даулы болып табылады.

Қылмыстық-атқару құқығы ғылымындағы «тұлғаның қауіпсіздігі» санаты «сотталғандардың жеке басының қауіпсіздігі» ұғымымен сай келеді, осы санаттардың жалпылама заңдылықтары ұқсас деуге болады. Осы байланыстың негізінде жалпы, ерекше және өзіндік философиялық санаттардың қатынастары жатыр. Тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясындағы нақты қатынастардың арасындағы байланыстарға объективті түрде әсер етеді. Сонымен, егер тұлғалардың қауіпсіздігі жалпы нысанды иеленсе, сотталғандардың қауіпсіздігі ерекше нысанда көрініс алады. Сөзсіз, осы байланыс қылмыстық-атқару ғылымындағы сотталғандардың қауіпсіздігі ұғымына әсер етеді.

Мәндік мағынасы бойынша қауіптілік тұлға үшін жағымсыз жағдайдың туындау мүмкіндігі, адамға және оның құндылықтарына қандай да бір зиян келтіруге әсер ететін жағымсыз жағдайлардың орын алуы ретінде түсіндіріледі. Ал, керісінше, қауіпсіздік осындай мүмкіндіктерге жол бермеу, адам жағдайының тұрақтылығын, қорғаушылығын, сақтауын қамтамасыз ету [2, 37 б], сонымен қатар, қауіптілік қауіпі жоқ жағдайды қалыптастыру, туындайтын қауіпті немесе адам өміріне, денсаулығына және өзге де құндылықтарына зиян келтіретін мүмкіндіктерді жоюды білдіреді [3, 67 б].

Қауіптілік – бізді қоршаған ортадағы бар объективті құбылыс. Қауіптіліктің барлық түрлері кез келген дәрежесінде адам үшін зиянның туындауын және келтірілу мүмкіндігін қамтиды [4, 128 б]. Құқық беру және ұйымдастырушылық шаралары заңнамаларда объективті түрде туындайтын қауіптен адамға келтірілетін зиянның алдын алу, яғни олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын бейнелеу болып табылады. Объективті түрдегі қауіпті қоса отырып, құқықтық реттеу аясында заң шығарушы оған заңи маңыздылық танытады [5, 21 б], туындайтын қауіптілік бағытталған тұлғаның мүдделерін қорғауға көңіл бөлінеді [6, 25 б].

Ең алдымен, бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазасын өтеп жатқан сотталғандардың қауіпсіздігі аясындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу бағытын және ұғымын анықтауымыз қажет.

Әдебиеттердегі қалыптасқан пікірлерге орай, құқықтық реттеу дегеніміз қоғамдық қажеттілік, экономикалық базис талабына сәйкес, құқықтық құрал жүйесінің көмегімен жүзеге асырылатын, қорғау мақсатында қоғамдық қатынастарға нормативті-ұйымдастырушылық әсер ету [7, 36 б].

Сотталғандар қауіпсіздігінің құқықтық сипаттамасын зерделей отырып, әртүрлі құқық саласында орын алған тұлғалар қауіпсіздігінің параметрлерін басшылыққа алу қажет. Осыған орай, сотталғандардың жеке басы қауіпсіздігінің құқықтық негіздерін төмендегідей түрлерде ұсынуға болады:

1. Сотталғандардың жеке басы қауіпсіздігінің конституциялық негіздері.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабына сәйкес [8], Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

ҚР Конституциясының 13-бабына сәйкес, әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

ҚР Конституциясының 14-бабында, заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

ҚР Конституциясының 15-бабына орай, әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

ҚР Конституциясының 16-бабына орай, әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын

мерзімге ұстауға болады. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

ҚР Конституциясының 17-бабына орай, адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

2. Сотталғандардың жеке басы қауіпсіздігінің азаматтық-құқықтық негіздері.

Сотталғандардың жеке басы қауіпсіздігінің азаматтық-құқықтық негіздерін қарастыруда, тұлғаны қорғаудың азаматтық-құқықтық шараларын айтумыз қажет, яғни Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабына сәйкес [9], бұзылған құқықты қорғау үшін өкімет билігі немесе басқару органына өтініш жасау, егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, құқық қорғау туралы талап қойып сотқа жолдануға кедергі жасамайды.

Азаматтық құқықтарды қорғауды сот, төрелік сот немесе аралық сот: құқықтарды мойындату; құқық бұзылғанға дейінгі болған жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттерге тыйым салу; міндетті заттай орындатуға ұйғарым шығару; залалдарды, төленетін айыпты өндіртіп алу; мәмілені жарамсыз деп тану; моральдық зиянның өтемін төлету; құқық қатынастарын тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілді не атқарушы органның заңдарға сәйкес келмейтін құжатын жарамсыз немесе орындауға жатпайды деп тану; азаматтың немесе заңды тұлғаның құқыққа ие болуына немесе оны жүзеге асыруына кедергі жасағаны үшін мемлекеттік органнан немесе лауазымды адамнан айыппұл өндіртіп алу арқылы, сондай-ақ заң құжаттарында көзделген өзге де әдістермен жүзеге асырады. Құқығы бұзылған адам, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, өзіне келтірілген залалдың толық өтелуін талап ете алады.

Құқығы бұзылған адам жасаған немесе жасауға тиісті шығыстар, оның мүлкінің жоғалуы немесе зақымдануы (нақты нұқсан), сондай-ақ сол адамның құқығы бұзылмаған болса, дағдылы айналым жағдайында оның алуына болатын, бірақ алынбай қалған табыстары (айрылып қалған пайда) залалдар деп түсініледі. Мемлекеттік өкімет билігі органының, өзге де мемлекеттік органның заңдарға сай келмейтін құжат шығаруы, сондай-ақ осы органдардың лауазымды адамдарының әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан азаматқа немесе заңды тұлғаға келтірілген залалды Қазақстан Республикасы немесе тиісінше әкімшілік-аумақтық бөлініс өтеуге тиіс.

3. Сотталғандардың жеке басы қауіпсіздігінің қылмыстық-құқықтық негіздері.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің [10] міндеттері: адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ, қылмыстардың алдын алу болып табылады.

4. Сотталғандардың жеке басы қауіпсіздігінің қылмыстық-атқару негіздері.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің [11] 8-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы сотталғандардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін құрметтейді және қорғайды, олардың түзелуіне қажетті жағдайларды, әлеуметтік әділеттілік кепілдігін, олардың жазаларды атқару кезінде жеке басының әлеуметтік, құқықтық және өзге де қорғалуын қамтамасыз етеді.

ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 11-бабында сотталғандардың жеке басының қауіпсіздігіне құқығы көзделген. Сотталғандардың және басқа адамдардың тарапынан сотталушының жеке басына қарсы қылмыс жасау қаупі туындаған кезде ол абақтыда ұстау, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқарушы мекеменің кез келген

лауазымды адамына өзін мұндай қатер жоқ қауіпсіз орынға ауыстыру туралы өтініш жасауға құқылы. Бұл жағдайда лауазымды адам сотталушыны қауіпсіз орынға ауыстыру жөнінде дереу шаралар қолдануға міндетті. Мекеменің бастығы сотталушыны қауіпсіз орынға ауыстыру туралы шешім, сотталушының жеке басына қарсы қылмыстың жасалу мүмкіндігін болғызбайтын өзге де шаралар қолданады, оның жазасын одан әрі өтеу орны туралы мәселені шешеді.

ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 12-бабымен сотталғандарға ар-ождан бостандығына кепілдік берілген. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген адамдарға салт жораларының қажеттілігі болған жағдайда олардың немесе олардың туысқандарының өтініші бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген діни бірлестіктердің діни қызметшілері шақырылады. Мекеме әкімшілігі қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен діни салт жораларды орындау үшін жағдайлар жасайды. Ерекше режимдегі колониялардың карцерлерінде, жалғыз адамдық камераларында, айыптық және тәртіптік оқшаулау орындарында, сондай-ақ камералық үлгідегі үй-жайларда ұсталатын сотталғандарға діни қызметшілер өздерінің жеке басының қауіпсіздігі қамтамасыз етілу шартымен жіберіледі. Ауыр науқасты сотталғандарға, сондай-ақ өлім жазасына сотталғандарға үкімді орындау алдында олардың өтініші бойынша діни қызметшілер шақырыла отырып, осы жағдайда қажетті барлық діни жораларды жасау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Діни жораларды орындау ерікті болып табылады. Ол ішкі тәртіпті бұзбауға, сондай-ақ жазасын өтеп жүрген басқа адамдардың құқықтарына нұқсан келтірмеуге тиіс.

## Пайдаланылған әдебиеттер


1. Теория права и государства: Учебник / под ред. проф. В.В.Лазарева. – М.: Право и закон, 1996.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка / под ред. Н.Ю.Шведовой. – М., 1988.
3. Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. – М., 1980. – Т.1.
4. Лист Ф. Учебник уголовного права. Общая часть. – М., 1903.
5. Прохоров В.С. Преступление и ответственность. – Ленинград: ЛГУ, 1984.
6. Ляпунов Ю.И. Общественная опасность деяния как универсальная категория советского уголовного права. – М., 1989.
7. Керимов Д.А. Философские проблемы права. – М., 1972.
8. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2012.
9. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. – Алматы: Юрист, 2012.
10. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: Юрист, 2012.
11. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі. – Алматы: Юрист, 2012.